

ЭТНОПЕДАГОГИКА

ӘОЖ 37.035

Т.М.Әбдікерім

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана

ӘБШ КЕКІЛБАЕВТІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ АРҚЫЛЫ ПАТРИОТТЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУ

В статье анализируется богатое литературное и научное наследие видного общественного и государственного деятеля, лауреата Государственной премии Республики Казахстан, Героя Труда А.Кекильбаева и показано использование его в практике формирования совершенной личности. В своих произведениях А.Кекильбаев, прибегая к искусной аранжировке древних преданий, сказов, притчей, воссоздает не только нравственный облик яркого и сурового прошлого, но и поднимает глобальные проблемы современности. Автором раскрывается содержание патриотического воспитания молодежи в творчестве А.Кекильбаева и рассматриваются возможности его использования в практике воспитания подрастающего поколения.

One of the problems in modern condition, which society and state put before system of the formation, is training pupil in spirit of the patriotism, interethnic of the consent and friendships folk. For successful decision of this problem is required study rich literary and scientific heritage seen public and state figure, laureate State bonus of the Republic Kazakhstan, Hero of the Labour A.Kekilbaeva and use him (it) in practical person of the shaping made to personalities. In their own product A.Kekilbaev using ancient legends, epic tale, parable, will reconstruct not only moral look bright and severe past, but also raises the global problems to contemporaneity. In this connection contents of the patriotic education youth opens in article in creative activity A.Kekilbaeva and are considered possibility and way of their use in practical person of the education growing generations.

Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, ғалым Ә.Кекілбаев өз шығармаларында қазақ рухын асқақтата отырып, жастардың туған жерін, елін, Отанын сүйуге шақыратын патриоттық тәрбие мәселесіне ерекше мән берді. ҚР «Білім туралы» Заңында, ҚР үздіксіз білім беру жүйесіндегі кешенді тәрбие бағдарламасында, ҚР білім беруді дамытудың 2005–2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында, ҚР азаматтарына патриоттық тәрбие берудің 2006–2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында жастарымыздың өз Отанына аялы көзқарасын, туған жерге сүйіспеншілігін, халқының салт-дәстүрлеріне сыйлы қатынасын, батырларына құрмет сезімін тәрбиелеу басты міндет ретінде анықталған.

ҚР «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басым міндеттерінің бірі — «азаматтық пен елжандылыққа, өз Отаны — Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға қарсы кез келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу» екендігі көрсетілген [1].

ҚР үздіксіз білім беру жүйесіндегі кешенді тәрбие бағдарламасында стратегиялық бағдарлы тұлғалық ойлардың шығармашылық түрлерін қалыптастыратын, ҚР халықтары арасында бейбітшілік пен татулықты орнатуға қабілетті, қоғамды ізгілікті адамгершілік тұрғыдан жаңартудың әлеуметтік-экономикалық міндеттерін жүзеге асыруға жәрдемін тигізетін жаңа тұрпатты азамат тәрбиелеудің қажеттілігі негізделіп, білім беру ұйымдарында патриоттық тәрбие берудің мақсаты мен міндеттері айқындалады [2].

ҚР білім беруді дамытудың 2005–2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында негізгі міндеттің бірі ретінде «қазақстандық патриотизмге, төзушілікке, биік мәдениетке, адамның құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуге тәрбиелеу» атап көрсетілген [3].

Қазақстан Республикасының азаматтарына патриоттық тәрбие берудің 2006–2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы азаматтардың бойында жоғарғы патриоттық сананы, өз елі үшін мақтаныш сезімдерін қалыптастыру, патриоттық тәрбие жүйесін жоспарлы түрде дамыту арқылы Отанның мүдделерін қорғау жөніндегі азаматтық борыш пен конституциялық міндеттерді орындауға дайындығын тәрбиелеу мақсатында әзірленді.

Мемлекеттік бағдарламаның міндеттері:

- азаматтардың мақсатты топтарының бойында байыпты азаматтық ынтымақтастық пен қатыстылық, этносаралық және тұлғааралық өзара түсіністіктік сезім қалыптастыруға ықпал ететін ұйымдастырушылық алғы шарттары мен шаралар жүйесін құру;

- тұтастай алғанда мемлекет пен қоғамның, жеке алғанда мемлекет пен оның азаматтарының өзара іс-қимылын, атап айтқанда, қазақстандық патриотизмді, төзімділікті адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу жөніндегі кешенді іс-шараларды өткізу кезінде қамтамасыз ету;

- өркениетті азаматтық және тұлғааралық қатынастардың қалыптасуына жағдайлар мен әлеуметтік алғы шарттар жасау болып табылады.

Мемлекеттік бағдарлама азаматтардың Отанның мүддесіне жасампаздық қызмет атқаруды, мемлекетті нығайту, оның ұлттық мүдделерін қорғау мен тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін қажет маңызды қасиеттерін дамытуға арналған [4].

Ресми құжаттарда көрсетілгеніндей, бүгінгі күні Қазақстан Республикасында жастарға патриоттық тәрбие берудің тиімділігін жетілдірудің маңыздылығы артып отыр. Міне, осы тұрғыдан алып қарағанда, қазіргі таңда Ә.Кекілбаев шығармашылығының жастарға патриоттық тәрбие беруде алатын орны ерекше. Ал оны арнайы зерттеу пәні ретінде қарастыру өте көкейкесті мәселе болмақ. Академик Серік Қирабаев Ә.Кекілбаев шығармаларының арқауы болған тақырыптарды былай суреттеп береді: «Оның жазғандары — қазақ өмірі, халқының тағдыры, оның көргені мен басынан кешкені, кешегісі мен бүгінгісі, солардың бір-бірімен сабақтастығы. Жазушы суреттеуінде қазақ елі, оның тіршілігі — жалпы адамзат тіршілігінен бөлек, оқшау өмір емес, соның бір бөлігі. Оның тарихы да, рухани өмірі де әлемдік өркениетпен байланыста. Халықтың сол ұзақ өмірінің бүгінгі қорытындысы — қазақтардың тәуелсіздігі болса, Әбіш мұрат еткен шындықтың өзі де сол екенін оның шығармашылық жолын танып барып түсінеміз. Жазушының соңғы жылдары көркем әдебиеттен бір мезгіл қолын босатып, көсемсөзге ауысуында да тарих ұсынған осы бір жетістіктің сырын көсіліп айтып түсіндіру ниеті жатыр. Оның көсемсөзі халықпен бетпе-бет отырып тілдесуге, заман талабын дәлелдеп ұғындыруға, бүгінгі бар тіршілігімізді егемендікті баянды етуге бағыттауға үйретеді. Елдің ел болуға әркімнің қосар үлесін нақтылауға құрылады» [5].

Ә.Кекілбаев шығармашылығының басты тақырыбы болған тіл тазалығы мен рух биіктігін сақтау мәселесі тәуелсіздік тақырыбымен сабақтасып, өзара үндестік тауып жатады. «Сыннан өткен дәстүрлерін ұмытып, меридиан бойымен көшіп-қонып үйреншікті шаруашылығына қажетті ұлан-ғайыр өрістері мен табиғи суаттарынан ада болған қазақ ауылы ғасырлап қалыптасқан өзін-өзі асырау, өзін-өзі сақтау иммунитеттерін де біртіндеп жоғалта бастады. Таптық интернационализм мен социалистік гуманизм қазақтардың ұлттық қасиеттерінен — тілін де, дінін де, тарихын да, дәстүрлі ұлттық құрылымын да емес, көпіртіп көп айтыла беретін атадан балаға ауысып келе жатқан мал баққыштығын ғана мейлінше қолдап бағыпты», — деп жазады ғалым [6]. Мұны айтқанда ол бүгінгі тақсиреттің тек бүгіннен өрбімегенін, оның бәріне тек өзіміз ғана немесе тек бүгінгі ұрпақ қана айыпты емес екенін, бірақ одан тездетіп құтылуды тек өзіміз ғана — тек бүгінгі ұрпақ қана жүзеге асыра алатындығымызды түсінуіміз үшін айтады. Бүгінгі тоқтап қалған өндіріс, тұралап қалған тұрмыс, азып жатқан тәрбие, арып жатқан мәдениет үшін жап-жас тәуелсіздігіміздің титтей де кінәсі жоқ екенін ұғындыру үшін айтады.

Елбасының «Қазақстан–2030» Стратегиялық бағдарламасында еліміздің символы ретінде Барыстың не үшін таңдалғанын Ә.Кекілбаев асқақ патриоттық сезіммен былайша түсіндіріп береді: «Президент Барыстың бейнесін кездейсоқ алып отырған жоқ. Жұлындай жұтынған ортаазиялық Барыс... Оның гносеологиялық тұрғыдағы арғы тегі біздің бабаларымыздың дүниетанымына, адамгершілік мұраттарына барып ұласады. Барыс — сыры жұмбақ жануар. Ол өзіне өзгелердің назарын еріксіз аудартады. Барынша жіті көз тігуге мәжбүр етеді. Өзінше дербес, тақаппар, топтанып жүруді ұнатпайтын, мейлінше сақ, бірақ қорқақ емес, барынша батыл, бірақ өзгелерге қиянат жасап, біреудің мекені мен жеміне көзін алартпайтын, басқаларға жоқтан өзгеге бола азу көрсетіп, тырнақ батыруды білмейтін, бірақ өзінің есесін ешкімге де жібермейтін, айнала төңірегіндегілерді ақырып-бақырмай-ақ, айрықша шалымдылығымен өзін сыйлата алатын текті жануар. Ешқашан қапия қалмайтын аса сезімтал, айбынды қасиетке ие...

Бұл метафора біздің мемлекет ретінде қандай қасиеттерді қалайтынымызды көрсетеді. Біздің қазіргі дүниеде өзімізбен-өзіміз томаға-тұйық болуға да, сондай-ақ өзгелерге ұқсаймыз деп өзіндік қадір-қасиетінен жұрдай айрылып қалуға да тырыспайтынымызды, жан-жағымызбен жарастықты қарым-қатынаста өмір сүргіміз келетіндігін айқын көрсетеді. Күшімізге кәміл сене отырып, өзгелерге ұстамды бола алу саяси мінез-құлқымыздың мақсаты мен мәні болмақшы. Ондай байсалдылық бізді өзгелердің алдында құлдай жорғалаудан да, кеудемсоқтық даңғазалықтан да сақтай алады. Сондай-ақ өзімізге-өзіміз тамсанатын немесе жоқтан өзгеге бола өзімізді-өзіміз жерден алып, жерге салатын ерсі қылықтарға да ұрындырмайды» [6]. Стратегиялық мақсаттарды нақ осылай түсіндіре білу халықты үлкен іске ұйыту, міндеттердің мәнін ашу үшін айрықша қажет. Әбіш Кекілбайұлының осындай ерен қасиеті Президент саясатын халыққа жеткізу ісінде жан-жақты қолданыс тауып келеді. Бұл тұрғыда оның Елбасы болмысын халыққа танытуы өзінше қызықты [6].

Жастарды патриоттыққа тәрбиелеуде басты мәселелердің бірі олардың өз ана тіліне деген құрмет сезімін ояту болып табылады. Ә.Кекілбаев ұлтымыздың, ұлттар мен ұлыстардың бас бейнесі болып табылатын тіл мәселесіне ерекше көңіл бөліп, «бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» деп жүрген айтулы азаматтарымыздың бірі және бірегейі екендігі баршаға мәлім. Оның «Бүгінде мемлекеттік тіліміздің адымын аштырмай тұрған — осы заманғы ақыл-ойдың биігіне көтеріліп алған өрелі элитаның өз деңгейінен қарағанда кенде жатқан байырғы тілді қомсынғандығы емес, кешегі бодандық сана бүгін әр нәрсеге бір құмартқан әуені сипатқа ауысып, утилитарлық пайдакүнемдіктің тығырығына тіреліп, өздерімен қоса бүкіл ұлттық сананы да сол тұйыққа қамап, шығарғысы келмейтін салбөксе самарқаулықтан. Тоғышарлық индивидуализмнің ұлттық даму мүдделері мен рухани елжандылық мұраттарына дес бергісі келмейтін кертартпалығы «жаны ашымастың қасында басым ауырмас» дейтін безбүйректікке мойын ұсынушылықтан. Олай дейтініміз тарихтың талай қараң су алған жылдарында да әлемдік саясат пен философияның, көсем ой мен көркем ойдың, ғылым мен техниканың, мемлекеттік іс пен құқықтың талай саңлағын ұлттық оқырманның алдында сандуғаштай сайрата алған қазақ тілі тәуелсіз заманымызда мемлекеттік тіл атқарар қай міндетті де ұршықтай үйіріп әкете аларына еш күмәнданбауға болады» деген келелі ойлары өскелең ұрпақты өзінің туған тілін құрметтеуге, оның болашағына сенімділіктерін арттыруға тәрбиелейді [7].

Патриотизмнің құрамдас бөлігі болып табылатын маңызды элементтердің бірі — рух немесе ұлттық патриотизм өз халқына деген сүйіспеншілік ретінде қарастырылуы тиіс. Патриотизм өзінің шыққан тегінің бірлігі мен ортақтылығы, туған жеріне, тіліне, өскен ортасына, мінез-құлқына, психологиялық және этнографиялық ерекшеліктеріне, басқаларына өзгеше, әрі ерекше тарихи ұлттық дәстүрге тығыз байланысты. Ұлттық сезімдерді патриотизм арнасына, Отанға, ұлтқа деген сүйіспеншілік рухына дұрыс бағыттау үшін бұл ерекшеліктерді жақсы білу және оларды міндетті түрде жастардың санасына сіңіре білу қажет. Туған жердің табиғаты да патриоттық тәрбиенің басты құралы болып табылады. Жазушы Ә.Кекілбаев әңгіме болып отырған шығармасын жердің табиғат суреттемесіне зейін қоюдан бастайды.

Елінді, өмір сүрген жеріңнің табиғат жаратылысындағы сұлулықты көре біліп, оны сезіне, оған сүйсіне білу кереметтің кереметі деп айтуға әбден болады.

Жазушының өз шығармашылығында табиғат жаратылысындағы сұлулықты, әдемілікті сөзбен суреттеп, оны адамның сезім-санасына жеткізуінің өзі қандай тамаша десеңізші!

Сөзіміз дәлелді болу үшін жазушының өз сөзінен үзінді келтіргеніміз нақтырақ болар деп, «Ерлікке — тағзым, елжандылықтан — тағылым» атты әңгімесінен алынған мына бір үзіндіге зер салайық:

«Әлеумет!

Айналана қараңызшы... Асқар тау, саумал ауа, көк майса — бәрі-бәрі: өс, өн, өрбі, мейірлен, шаттан дейтіндей ғой» [8].

Осы бір жолдарды оқығанның өзінде қаншама ой-толғаныстар көз алдыңнан жылжыған бұлт сияқты өтіп жатады. Еліне, жеріне деген сүйсіну, табиғат сұлулығын көру, таңдану, жүрек сыздатар әсерлер кімді болса да толқытады. Осы бір ретімен берілген шағын ғана сөйлемдерге көңіл қойсақ, жазушының көз алдындағы көріп тұрған табиғатқа деген таңдануын оқыған жұрт көрмесе де, ол жерді білмесе де, өзінше суреттеп, өз жерінің табиғатының суреттемесін өзінше салыстыра, әсем табиғат көріністерін көруге, көз алдына елестетуге, оны көкірегіне түюге талпынады. Көкірек көзі ояу көпшіліктің ұлтжандылық сезімін оятып, көңілін көркем сезімге бөлейді.

Тағы бір жолдарға назар аударайық: «... осынша ғажайып сұлулықты қызықтауға, жомарт табиғаттың мынау шарасынан асып, шалқып-төгіліп жатқан шарапаты мен рахатын тамашалауға емес, тағзым етіп, тағылым алуға келіп тұрмыз» [8]. Табиғат сұлулығын көру, сезіну, оған сүйсіну

эстетикалық тәрбиеге негіз болса, сол сұлулыққа, әсемдікке тәрбиелеудің патриоттық тәрбие мен сабақтастығы жоғарыда келтірілген сөйлемнің соңғы жолдарынан айқын аңғарылады. Жазушының «... тамашалауға емес, тағзым етіп, тағылым алуға келіп тұрмыз» [8] деген ой толғанысы дәл қазіргі кезеңге, бүгінгі заманға, осы заманның адамдарына, жалпы қай-қайсымызға болса да, ой салмай қоймайды.

Бүгінгі ұрпақтың, еліміздің ертеңі — жастардың елін, жерін сүйі, тарихи, мәдени мұраларды, салт-дәстүрін қадірлеп, сақтауы да өткенге тағзым етіп, одан тағылым алудан басталады. Патриоттық тәрбиенің бастауы да осында.

Адам баласының, табиғат әсемдігі болсын, адам бойындағы көркемдігі мен жақсылықтары болсын, сонымен бірге қоғамдағы, ортадағы болып жатқан жетістіктер мен тиімділіктерді де көре біліп, оны қызықтай білуінің өзі де — үлкен эстетика. Бұдан адамның патриоттық сезімі оянады. Әсемдік пен жақсылықты сезінбеген, оны түсініп түйсінбеген адамның бойында патриоттық сезім де болмайды. Ұлтжандылық, елжандылық сезім жоқ жерде патриоттық сезімнің болуы да мүмкін емес, ол тек тас бауыр, қара бастың, күнделікті ішіп-жеудің қамы ғана болады да қояды. Бұдан біздің ұғарымыз, табиғат сұлулығын суреттей отырып, ел мен жерді осындай көркем суреттемелер мен әдемі сөздер арқылы беріп, сол арқылы тілдің байлығын, тілдің тазалығын, тілдің әсемдігін көрсетіп қана қоймай, сұлулық арқылы адам жүрегіне еліне, жеріне, ана тіліне деген сезімнің орнығуына ықпал етеді.

Жазушының әр сөзін алып, оған зейін қойсақ, әсем табиғатты көріп, оған сүйсінгендігінді ұғынып, оны қорғаудың, аялаудың жолын іздеу қажеттігін, елдің жастарын отансүйгіштікке тәрбиелеу міндеттерін аңғару қиын емес.

Автор «... көркем табиғатты қызықтау үшін емес» дей келіп, бұл жерге не үшін келгендігін айтып, ойын әрі қарай толғап, жалғап кетеді. «... тағзым етіп, тағылым алуға» [8] келіп тұрғандығын ескерте отырып, не үшін келгендерін әрі қарай дамытып түсіндіреді: «бірақ бәріміздің де бойымызды кернеп тұрған — солардың қаны, ойымызды тербеп тұрған — солардың арманы, жадымыздағы солардың өсиеті, жанымыздағы — солардың қасиеті. Бәлкім, тіпті талайымыздың бет-әлпетімізде де солардың дидары тұрған шығар. Ендеше, екі дүниеде де мейманасы асып, нұры тасыды деген осы болады» [8] деп ой түйінін жасайды.

Жазушының көңіл түкпіріндегі көрікті ойлары, жиналған жұрттың жүрегіне ұялатқан жанды сөздері, табиғат жаратылысындағы көркемдікке деген әркімнің (жиылған халықтың) жүрегіндегі сұлу сезімдер, сол табиғат келбетін қорғауға, аялауға мүдделі етеді. Себебі сен сол жерде тұрасың, сол жерде өмір сүресің, соның көгін көктеп, ауасын, суын жұтасың, байлығын тұтасың, енді келдің де оған сүйсіну ниетін туғызасың, кешегі мен бүгінгі еске түсіресің. Міне, жоғарыдағы берілген бір шумақ үзіндіден ұлтына жанашырлық сезімі барлар қаншама сезімділік, танымдылық, тағылымдылық алып, еліне, жеріне, халқына деген патриоттық сезімге бөленері анық.

Енді бір тұста жазушы ойын тағы да былай жалғастырады: «Қайсыбірі осы арада шәйт болған, қайсыбіріне кейін басқа арадан топырақ бұйырған қасиетті бабаларымыздың аруақтарының алдында солардың ерліктерінің арқасында аман қалып, өсіп-өніп, он миллионнан асып отырған азғантай ұрпақтың атынан бас иіп, тағзым етеміз» [8]. Бұл жерде сол бабалардың қайраты мен жігерін, өжеттілігін, батырлығын бүгінгі таңдағы қол жеткен жетістік, нәтижелерімен ұштастыра отырып, «егемендік алған еліміз бен тәуелсіз болған мемлекетіміздің тамырын тереңге тартқан телегей тарихымыздың ең бір мағыналы тарауының да осы арадан бастау алатынын» атап көрсетеді. Келе жатқан ұрпақтарға ескертіп, басы өзі, соңы халқы болып бас иеді. Осы бір жарты беттік үзінді қаншама тарихты, қаншама ерлікті, қаншама батырларды көз алдына алып келіп, тарихты білетіндеріне елестетіп, білмегендеріне ескертеді.

Талай күрес пен шайқастардағы батырларды табиғаттың алып көкжал күштеріне теңейді.

Үзіндіден мына сөйлемдерге зейін қояйық: «...сондағы атамекен қамы үшін, ата жұрттың бағы үшін, арыстан болып алысып, жолбарыс боп жұлысқан алты жүз сайып қырандардың арқасында»... [8] деп келеді, бұдан біз бүгін де еркіндікте, бейбітшілікте өмір сүріп, ел қатарлы жаңа өмірге ұмтылыс жасап келе жатқанымызды еске түсіріп, өмір жалғасып жатқандығын, сол ертедегі бабалардың ерліктері мен өжеттіліктерінің арқасында бүгінде ұрпақ жалғасуда, жалғасады да деген арманды ойға тоқытады.

Ә.Кекілбаевтың шығармашылығындағы ой-толғаныстар халқымыздың тарихынан тағылым беріп, жастар мен жалпы қауымның патриоттық сезімін оятады. Бабаларымыздың ерлігінен сыр шертер мұндай мазмұнды, маңызды әңгімелер оны оқыған адамдардың ойын жүйелеуге, жинақтауға көмектеседі және қорытынды жасауға бейімдеп отырады. Себебі әңгіменің мазмұнына қарап, түйдек-

түйдек үзінділерін жеке бөліп алып, талдасаңыз, әр бөлігінің мазмұн-мәні ерекше тарихтың бір-бір тұтас көрінісіне ойынды бағыттап, қорытындылап тұрғандай сезімде боласыз.

Халықтың алдында тұрған міндеттерді танытуда өз әдіс-тәсілдерін тауып, оны жас буынның санасына жеткізе білген. Мұның да патриоттыққа тәрбиелеудің бірден-бір жолы екендігін айта кету артық емес.

«Ерлік — елге мұра, ұрпаққа — ұран» дегендей, халқымыздың қадір тұтар дастандары, шежіре жырлары бүгінгі ұрпаққа берер өнегеден кенде емес. Ол — тағылым айнасы, халық мұрасына саналған тұлғалар сипаты. Жұмыр жерді мекен еткен жұрттың қай-қайсысы болмасын, өз батырларын өздерінше сипаттап, өз тарихына айналдырғаны жөн. Әр халық батырнамасында ата-бабасының ерліктерін мақтан тұтқан. Ерлікке табынып, батырлықты дәріптеген елде батырларды тәрбиелеу, қалыптастыру мектептері дүниеге келген. Халқымыздың салтында бұлшық ойнату, дойыр үйіру, сым темір бұрау, шынжыр ұзу, тас жару, дүз майыру, кісен бұзу, қанжар, қылыш шабу, найза түйреу, жебе тарту т.б. сияқты өнерлер кеңінен өріс алған, одан әрі сарбаз жасақтау, сарбаз басын дайындау мектептері де болған. Дастандардан білетініміздей, батырлар аңғал келеді. Кемеңгер халық оларды түрлі дайындықтардан өткізудің қамын ежелгі замандарда-ақ мұқият ескеріп отырса да, еш уақытта алыс-жақын жұртқа көз алартып, басқыншылық жасаудан атын аулақ арқандаған. Өзіне тиіскендерге дойырын да ойната білген, азбын деп тайынбай, мыңға жалғыз баратын «жеке», «дара», «жалғыз қара» атанған батырлар көп шыққан. Бұның бәрінің айнытпас кепілдігін ұлы сахара ата жұрттың тарихы ертелі-кеш молынан бере алған.

Ежелгі қиса, ескі күй де соны айтады. Солардың алуан-алуан құпиялы сырларына үңіле отырып, тарихқа әйгілі батырлардың сымбаттарын сомдап, еліміздің айнасы етіп, бүгінгі ұрпаққа уағыздау керек, яғни өз ұлтымыздың тарихын, әдебиет-мәдениетін, әдет-ғұрпын жете білу — барлығыңызға ортақ іс демекпіз.

Бұл түсініктердің барлығын Ә.Кекілбаев шығармаларының мазмұнынан кездестіре аламыз. Жоғарыдағы дәстүрлерді әр мектеп өздерінше жеткізсе, Ә.Кекілбаевтің өмірді ұрпаққа жеткізу бағыты, барысы сөз өнерінің көркемдігімен, қазақ сөзінің мәнділігін, байлығын барынша шығармашылықпен қолдану арқылы беріледі. Ондағы қоғамды, тарихты, әдебиетті, мәдениетті жазуда қазақтың барлық сөз болмысы тұтастықта қолданылып, ой жүйелері өте әдемі келтіріліп, тізбектеліп, бір ой мен бір ой сабақтасып жатады. Қай әңгімесін алсаңыз да, суреттеулермен көмкеріліп тұрады. Соны оқи отырып, «шіркін, қазақтың сөз байлығы, сөз көркемдігі және ертедегі қазақы тұрмыс-салтымыз неткен әдемі еді» деп сүйсінуден шаршамайсыз.

Қорытындылай келе, Ә.Кекілбаев өмірдің өз суретін дәлдікпен шындық қалпында беретіндігіне көз жеткізілуде. Тұрмыс болмыстың қыр-сырларына ерекше мән беріп, тіршілік суреттемелерін нақты жағдайда бірде әсерлі, бірде мұңды жайттармен жазады. Оқырмандарына кейде тура, көбінде астарлы бағытта ой салып отырады.

Мысалы, «...Бәлкім, тіпті талайымыздың бет әлпетімізде де солардың дидары тұрған шығар» [2] деп келуінде де біраз астарлы ой бары аңғарылып-ақ тұрады.

Қазақ тілінің құнарлы сөздерін бойға сіңіріп, ана тіліміздің байлығын, терең сырларын қалам ұшымен, сана күшімен бұрқырата жазуы тіл күдіретін жандандыра отырып әрі оқырмандарын тамсандыра түседі. Жазушы бүкіл шығармашылығының өзегіндегі адам өмірін үнемі халық тағдырымен, ұлттың өткенімен сабақтастықта беріп отырады.

Ә.Кекілбаевтің шығармашылығын оқу, оны қарау, тамсану өз алдына, жазушының әр еңбегіндегі әр әңгіменің әр сөзін, әр сөйлемін және әр бөлігін, әр азат жолын жеке-жеке қарап, оған ой жүгіртсеңіз, қаншама өмір тарихы, қаншама сөз байлығының көркемдігін, суреттемелерін ғылыми негізде зерттеуге болады, қаншама ғылыми зерттеулерге жұмыс жүргізуге бағыттап тұрады. Мысалы, біздің Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетіндегі диссертациялық кеңесте «Әбіш Кекілбаев шығармаларындағы окказионалдық қолданыстар» тақырыбында және Алматы қаласы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде (бұрынғы ҚазПИ-де) «Ә.Кекілбаев шығармаларындағы жергілікті атаулардың лингвомәдени сипаты» атты кандидаттық диссертациялар қорғалды. Жакында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы диссертациялық кеңесте Әбіш Кекілбайұлының 70 жылдық мерейтойы қарсаңында «Ә.Кекілбаев шығармаларындағы тарихи тұлғалар және көркемдік жинақтау» атты докторлық диссертация қорғалды. Диссертацияда қаламгердің жарты ғасырлық шығармашылығы түгел қамтылып, жинақталған туындылардың көркемдік сапасы мен жазушы шеберлігіне баға берілді. Диссертация авторы — Ш.Есенов атындағы Ақтау мемлекеттік университетінің доценті Жанбиді Дүйсенбаева. Бұл зерттеу жұмысына ғылыми кеңесшілік еткен белгілі әдебиеттанушы ғалым, филология ғылымының докторы, профессор Қансейіт

Әбдезұлы. Ресми сарапшылары — Д.Ысқақұлы, Б.Ыбырайым және Р.Тұрысбек. Диссертацияны сарапшылар қазақ әдебиеттану саласына қосылған сүбелі еңбек деп бағалап отыр.

Жазушы шығармаларын педагогикалық жақтан қарастыратын болсақ, эстетикалық, патриоттық, еңбек, адамгершілік, сонымен бірге ұлтжандылық, елжандылық, отансүйгіштік, т.б. тәрбие түрлеріне қарай жан-жақты зерттеп қарастыруға болады, ал тілдік жағынан келетін болсақ, тілдің қыр-сырын ашу өз алдына болса, әдебиеттің бүкіл көркемдік сыр-сипатын, образдық бейнелерді, пейзаждық суреттемелерді т.б. ғылыми тұрғыда сараптап талдауға әбден болар еді. Қандай салаға қалай қалам тартса да, Әбекең шығармаларын жан-жақты зерттеуге жол ашыла берері анық.

Сондықтан алдағы уақытта да жазушы шығармашылығын тек лингвистикалық тұрғыдан ғана емес, тарихи, философиялық, танымдық, психологиялық т.с.с. қырларынан тереңдете зерттейтін ғылыми еңбектердің жазылатынына сеніміміз мол.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасындағы білім туралы заңнама. Заң актілерінің жиынтығы. — Алматы: Юрист, 2007. — 196 б.
2. ҚР үздіксіз білім беру жүйесіндегі кешенді тәрбие бағдарламасы. — Алматы, 2000. — 21 б.
3. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005–2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // Орталық Қазақстан. — 2004. — 28 қазан. — 4–7-б.
4. Государственная программа патриотического воспитания граждан Республики Казахстан на 2008–2010 годы. — Астана, 2008. — 10 с.
5. Қирабаев С. Суреткер // Егемен Қазақстан. — 2009. — 24 шілде. — 5, 6-б.
6. <http://www.kekilbaev.kz/index.php>
7. Кекілбай Ә. Тіл және тәуелсіздік. — Астана: Ер-Дәулет, 2007. — 296-б.
8. Кекілбаев Ә. Шығармалар жинағы. 2 т. — Т. 1. Роман және повестер. — Алматы: Жазушы, 1989. — 400 б.

ӘОЖ 37.02:574

А.Б.Мырзабаев¹, А.М.Байғотанова²

¹Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті;

²Балқаш гуманитарлық-техникалық институты

БИОЭТИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

В статье рассматривается проблема биоэтики как направления научной этики, которая сформулировалась на стыке наук 60–70 годов двадцатого столетия. Выделение биоэтики в особую сферу этических знаний было продиктовано возникновением в процессе развития биологии и ее практического использования ряда острых проблем, требующих специального этического осмысления. Первоочередной среди них стала угроза уничтожения всех форм жизни на Земле. Ответственность за это несут не только политики, но и ученые, особенно физики, химики, биологи. В ходе решения подобных и других проблем утверждаются основные принципы биоэтики, некоторые из которых широко признаны уже сегодня.

In the article the problem of bioethics as a trend of scientific ethics which was formed in 60–70 years of the 20th centuries is considered. The defining of bioethics as a special sphere of ethics knowledge was dictated by formation in the process of biology development and its practical using of number of acute problems requiring special ethic thought. The first problem became the threat of extermination of all forms of life on the Earth. Not only politicians, but also scientists particularly physics, chemists, biologists are responsible for it. During solving these problems and other problems main principles of bioethics are confirmed some of which are widely recognized today.

Тіршілік нысандарына деген жалпы қамқорлық адамдарға қарым-қатынаста жүрегімен елжіреу сияқты сезімдерді дамытады. Табиғатқа қамқорлық адамға деген қамқорлықтың биік мақсаттарына бағынады. Қатыгездік, жануарлар мен өсімдіктерге ақылсыз көзқарас (қырып-жойып), табиғатқа зиян келтіру — адамгершілікке жат. Олай болса, бұл этикалық нормалардан ауытқушылық.